

"Қазақгаз" Мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 9 қыркүйек 1993 ж. N 851. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысын. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 U931291_ Жарлығын орындау, газ саласының дамытылуын тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақгаз" ұлттық газ компаниясының кәсіпорындары негізінде "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай "Қазақгаз" компаниясы) құрылсын.

2. "Қазақгаз" компаниясы қайта құрылған "Қазақгаз" ұлттық газ компаниясының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. "Қазақгаз" компаниясы қызметінің негізгі мақсаты республиканың отын-энергетика кешенін дамыту, шетелдік инвесторларды тарту, өндірісті көп салалы етіп дамыту мен коммерциялау деп белгіленсін және оған:

"Қазақгаз" компаниясының құрамына кіретін көмірсутегі шикізатын барлаумен, өндірумен, тасымалдаумен және ұқсатумен, оның ішінде ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырумен жобаларды сараптау мен оларды бекітуді белгіленген тәртіппен жүргізу шұғылданатын кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;<*>

мемлекет мұқтажы үшін мемлекетаралық келісімдер бойынша газ бен конденсат беріліп тұруын және белгіленген тәртіппен бөлінген квоталар мен лицензияларды сату жолымен экспортқа шығарылуын бақылау;

ұзақ мерзімді болжамдар, мақсатты ғылыми-техникалық, экономикалық бағдарламалар әзірлеу, озық технологияларды енгізу, газ саласын, соның ішінде шетелдік әріптестерді қатыстыра отырып, тиімді де кешенді дамыту;

мұнай мен газ жөніндегі ұлттық ғылыми мектепті дамыту, мұнай мен газ өндіру, өңдеу саласында халықаралық деңгейдегі мамандар даярлау жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақтың екінші абзацында сөздер ауыстырылған - ҚРМК-нің 1994 ж. 8 желтоқсандағы N 1395 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік

комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, "Қазақгаз" ұлттық газ компаниясымен бірлесіп, бір ай мерзімде құрамында осы қаулыға қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес бірлестіктер, кәсіпорындар және ұйымдар болатын "Қазақгаз" компаниясын құру жөніндегі құжаттар пакетін қабылдасын, онда заңда белгіленген тәртіппен "Қазақгаз" компаниясының құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану мен басқару құқығын "Қазақгаз" компаниясына табыстау көзделсін. Мемлекеттік кәсіпорындардың акционерленуіне қарай, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II-кезең) арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакеттерінен басқа акциялардың мемлекеттік пакеті "Қазақгаз" компаниясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

5. "Қазақгаз" басшыларын тағайындау мен бекіту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. "Қазақгаз" компаниясының орналасатын жері Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы болып белгіленсін.

7. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Табиғи газ бен газ конденсатын барлау, шығару, тасымалдау және өңдеу жөніндегі Қазақ мемлекеттік "Қазақгаз" концерні туралы" 1991 жылғы 11 қазандағы N 601 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 9 қыркүйектегі
N 851 қаулысына
қосымша

**"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының
құрамына кіретін кәсіпорындардың**

ТІЗБЕСІ

"Карачаганакгазпром"	мемлекеттік	кәсіпорны
"Қазаққұрылысгаз"	мемлекеттік	кәсіпорны*
"Казахбурггаз"	мемлекеттік	кәсіпорны*
"Заказстройгаз"	мемлекеттік	кәсіпорны
"Казахгазсвязь"	мемлекеттік	кәсіпорны*

"Сарыарқагаз" мемлекеттік кәсіпорны
"Қазақгазқамту" мемлекеттік кәсіпорны"
"Ақтаутрансгаз" мемлекеттік кәсіпорны
"Ақтобеттрансгаз" мемлекеттік кәсіпорны
"Жаиктрансгаз" мемлекеттік кәсіпорны
"Қустанайтрансгаз" мемлекеттік кәсіпорны
"Уральсктрансгаз" мемлекеттік кәсіпорны
"Қазақгазжобалау" жобалау институты*
"Қазақгаз" компаниясының мемлекеттік өндірістік сауда
б а с қ а р м а с ы

"Оян" мемлекеттік кәсіпорны (кеңшары)
Ақтөбе облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі
(Ақтөбеоблгаз), Ақтөбе қаласы <*>
Атырау облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі
(Атырауоблгаз), Атырау қаласы <*>
Батыс Қазақстан облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі
(Оралоблгаз), Орал қаласы <*>
Маңғыстау облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі
(Маңғыстауоблгаз), Ақтау қаласы <*>
Қостанай облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі
(Қостанайоблгаз), Қостанай қаласы <*>

*Ескерту. Қосымшаға өзгеріс пен толықтырулар енгізілген - ҚРМК-нің
1995.03.16. N 275 қаулысымен.*

* Бұл кәсіпорындарды қайта құру кезінде олардың заңды атауларынан "Қазақ"
аты алынып тасталатын болады.